| ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМ № 32 | МЕМОРАНДУМ О СОТРУДНИЧЕСТВЕ № 32 |
|---|---|
| «01» қыркүйек 2023 ж.<br>Астана қ.<br>**«Қазақстандық шахмат федерациясы» республикалық қоғамдық бірлестігі**, бұдан әрі **«Федерация»** деп аталатын, Федерация Жарғысы және 2023 жылғы 23 ақпандағы №1 Федерация президентінің сенімхаты негізінде әрекет ететін атқарушы директор Дәулетова Гүлмира Бекзатқызы тұлғасында, бір тараптан және бұдан әрі **«Басқарма»** деп аталатын **«Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі** атынан басшы С.О. Айтказина тұлғасында, екінші тараптан, бұдан әрі **«Ұйым»** деп аталатын **Павлодар облысының білім беру басқармасы, Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі** атынан директор Бекбаева А.Т.. тұлғасында, үшінші тараптан, бірлесе «Тараптар» деп аталатын, төмендегілер туралы осы Меморандум жасасты:<br>**1. Меморандумның мәні**<br>1.1. Осы Меморандумның мәні «Қазақстан Республикасында шахматты дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 14 шілдедегі №576 қаулысына (бұдан әрі – Жоспар) сәйкес оқу жоспарының вариативті компоненті сағаттары есебінен жалпы білім беретін мектептердің 1-4 сыныптарына шахматты кезең – кезеңімен енгізуді іске асыру аясында қазақ тілінде оқытатын сыныптарда вариативтік компонент есебінен Мектептің үлгілік оқу жоспарына шахматты енгізудің бірлескен пилоттық жобасын іске асыруға бағытталған серіктестік қатынастарды орнату және Тараптар арасындағы ұзақ мерзімді, нәтижелі және өзара тиімді ынтымақтастығын дамыту болып табылады.<br>**2. Тараптардың өзара әрекет етуі**<br>**2.1. Басқарма**<br>Білім берудегі шахмат жобасын (бұдан әрі – Жоба) жүзеге асыру бойынша бұйрық шығарады; | «01» сентября 2023 г.<br>г. Астана<br>**Республиканское общественное объединение «Казахстанская Федерация Шахмат»**, именуемое в дальнейшем **«Федерация»**, в лице Исполнительного директора Даулетовой Гульмиры Бекзатовны, действующей на основании Устава Федерации и Доверенности Президента Федерации № 1 от 23 февраля 2023 года, с одной стороны, и **Государственное Учреждение «Управление Образования Павлодарской Области»**, именуемое в дальнейшем **«Управление»**, в лице руководителя С.О. Айтказиной, с другой стороны, **Коммунальное государственное учреждение «Средняя общеобразовательная школа имени Мәшһүр Жүсіп города Павлодара» отдела образования города Павлодара, управления образования Павлодарской области**, именуемое в дальнейшем **«Организация»**, в лице директора Бекбаевой А.Т., с третьей стороны, совместно именуемые «Стороны», заключили настоящий Меморандум о нижеследующем:<br>**1. Предмет меморандума**<br>1.1. Предметом настоящего Меморандума является установление партнерских отношений и развитие долгосрочного, эффективного и взаимовыгодного сотрудничества Сторон, направленного на реализацию совместного пилотного проекта внедрения шахмат в типовой учебный план Школы за счет вариативного компонента в классах с казахским языком обучения для реализации поэтапного внедрения шахмат в 1-4 классы общеобразовательных школ за счет часов вариативного компонента учебного плана в соответствии с Постановлением Правительства Республики Казахстан от 14 июля 2023 года № 576 «Об утверждении Комплексного плана развития шахмат в Республике Казахстан на 2023 – 2027 годы» (Далее - План).<br>**2. Области сотрудничества Сторон**<br>**2.1. Управление** |

| | |
|---|---|
| • Жобаның облыс/Республикалық маңызы бар қала үйлестірушісін тағайындайды;<br>• Жобаға кіретін жалпы білім беретін мектептер тізімін анықтайды;<br>• облыс/Республикалық маңызы бар қаланың Бірыңғай ресурстық орталығын анықтайды;<br>• Жоба аясындағы іс-шараларға қолдау көрсетеді;<br>**2.2 Федерация**<br>• Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Шахмат негіздері» курсы бойынша вариативтік сағаттың оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша әдістемелік қолдау көрсетеді;<br>• Жобаға кірген мектептің бастауыш сынып мұғалімдеріне жылына екі реттен кем емес шахмат бойынша оқыту семинарын жүргізеді.<br>• Бастауыш сынып мұғалімдеріне «Шахматты оқыту әдістемесі» бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастырады;<br>• Ұйымда шахмат кабинетін ашады;<br>• Ұйымды шахмат құрал-жабдықтарымен (винилді шахмат тақтасы - 15 дана, шахмат фигураларының жиынтығы - 15 дана, шахмат сағаты - 5 дана, жиынында фигуралары бар шахматтық демонтсрациялық тақта), сонымен қатар 1-қосымшаға сәйкес техникалық құрылғылармен қамтамасыз етеді;<br>• Ұйым үйлестірушілеріне, мұғалімдеріне, психологтарға түсіндірме жұмыстарын жүргізеді және қолдау көрсетеді;<br>• Ұйым мұғалімдеріне шахматты оқыту платформасына қолжетімділікті қамтамасыз етеді;<br>**2.3 Ұйым**<br>• Жобаны іске асыру туралы мектептің ішкі бұйрығын шығарады;<br>• Директордың орынбасарлары қатарынан Ұйым үйлестірушісін тағайындайды;<br>• Шахмат негіздері курсын оқытатын мұғалімді анықтайды және оны Федерация тарапынан ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курсына, оқыту семинарларына, конференция, шебер сынып және т.б іс-шараларына қатысуына жағдай жасайды; | • Издает приказ о реализации проекта шахмат в образовании (далее – Проект);<br>• Назначает координатора областного/ города республиканского значения;<br>• Определяет список школ, участвующих в проекте;<br>• Определяет единый ресурсный центр в области/ городе республиканского значения;<br>• Оказывает поддержку мероприятий в рамках комплексного плана;<br>**2.2 Федерация**<br>• Обеспечивает методическую поддержку реализации учебной программы вариативного часа по курсу «Основы шахмат» для 1-4 классов начального уровня образования;<br>• Проводит обучающие семинары по шахматам не реже двух раз в год для учителей начальных классов школ, участвующих в проекте;<br>• Организует курсы повышения квалификации учителей начальных классов по «Методике преподавания шахмат»;<br>• Открывает кабинет шахмат в Организации;<br>• Обеспечивает Организацию шахматным оборудованием (виниловая шахматная доска - 15 шт., набор шахматных фигур - 15 шт., шахматные часы - 5 шт., шахматная демонстрационная доска с набором фигур), а также техническим оборудованием согласно Приложению 1;<br>• Проводит разъяснительную работу и оказывает поддержку координаторам Организации, педагогам, психологам;<br>• Предоставляет учителям Организации доступ к платформе обучения шахматам;<br>**2.3 Организация**<br>• Издает внутренний приказ школы о реализации Проекта;<br>• Назначает Координатора Организации из числа заместителей директора;<br>• Определяет учителя, который будет вести курс «Основы шахмат» и обеспечивает ему возможность участия в курсах повышения квалификации, обучающих семинарах, конференциях, мастер-классах и других мероприятиях, организуемых Федерацией; |

Scanned with CamScanner

- Эксперименттік және бақылау сыныптарын анықтайды (әр сыныпта бала саны 30-дан аспауы керек);
- Жоба аясында Ұйымда зерттеу жұмысын ұйымдастыратын психологті бекітеді;
- Шахмат кабинетіне кеңістік бөледі;
- Ұйымның жұмыс оқу жоспарына «Шахмат негіздері» курсын енгізеді;
- Облыс/республикалық маңызы бар қалада ресурстық орталықтың қызметін (Жоба аясындағы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу орталығы) атқарады;
- Ұйымдағы Шахмат кабинетін/кеңістігін шахмат құрал-жабдықтарымен толықтырады.

**3. Қосымша шарттар**

3.1. Тараптар осы Меморандумды жасасу Тараптарды қандай да бір заңды міндеттемелермен байланыстырмайтынын, қаржылық міндеттемелердің туындауына әкеп соқпайтынын және соңғыларының туындауы үшін Тараптардың жекелеген келісімдер жасасуы талап етілетінін жеке белгілейді.

3.2. Осы Меморандум алдын ала шарт болып табылмайды және оның ережелерін орындамағаны үшін Тараптардың жауапкершілігінің туындауы үшін негіз бола алмайды (Тараптардың ешқайсысы осы Меморандумның орындалуына (орындалмауына), мерзімінің аяқталуына немесе бұзылуына байланысты тарап шеккен залалды, шығындарды қоса алғанда (шектеусіз) екінші Тарапқа өтеуге міндетті болмайды).

3.3. Тиісті келісімдерде жеке ескертілген жағдайларды қоспағанда, әрбір Тарап осы Меморандумның талаптарын орындау кезінде туындайтын өз шығыстарын көтеретін болады.

3.4. Осы Меморандум Тараптардың бір-бірінің алдында қандай да бір қаржылық және құқықтық міндеттемелердің туындауын, сондай-ақ зияткерлік меншік нысандарына барлық айрықша мүліктік құқықтарының туындауын көздемейді.

**4. Заңнамаға сәйкестігі**

4.1. Тараптар осы Меморандумның, сондай-ақ жекелеген келісімдердің орындалуы адал бәсекелестік және монополистік қызметі шектеу туралы заңнаманы қоса алғанда,

- Определяет экспериментальные и контрольные классы (количество детей в каждом классе не должно превышать 30);
- Назначает психолога, организующего исследовательскую работу в Организации в рамках проекта;
- Рассматривает необходимое пространство для проведения уроков по шахматам;
- Вводит в рабочий учебный план Организации курс «Основы шахмат»;
- Выполняет функцию ресурсного центра (центр организации и проведения мероприятий в рамках Проекта) в области/городе республиканского значения;
- Обеспечивает шахматный кабинет/пространство шахматным оборудованием.

**3. Дополнительные условия**

3.1. Стороны отдельно оговаривают, что заключение настоящего Меморандума не связывает Стороны какими-либо юридическими обязательствами, не влечет возникновение финансовых обязательств, и что для возникновения последних требуется заключение Сторонами отдельных соглашений.

3.2. Настоящий Меморандум не является предварительным договором и не может служить основанием для возникновения ответственности Сторон за неисполнение его положений (ни одна из Сторон не будет обязана возмещать другой Стороне, включая (без ограничения) ущерб, потери, понесенные Стороной в связи с выполнением (невыполнением), истечением срока или расторжением настоящего Меморандума).

3.3. Каждая Сторона будет нести свои собственные расходы, возникающие при выполнении условий настоящего Меморандума, за исключением случаев, отдельно оговариваемых в рамках соответствующих соглашений.

3.4. Настоящий Меморандум не предусматривает возникновение каких-либо финансовых и правовых обязательств у Сторон перед друг другом, также все исключительные имущественные права на объекты интеллектуальной собственности.

**4. Соответствие законодательству**

4.1. Стороны согласовали, что выполнение настоящего Меморандума, а также отдельных

Scanned with CamScanner

барлық қолданылатын заңдарға сәйкес келетініне келісті.

4.2. Тараптар басқа заңды тұлғалармен нысаны, қолданылу аясы және шарттары бойынша ұқсас келісімдер жасасуға құқылы. Тараптар өз қызметінде агенттерді таңдау еркіндігін толық пайдаланады.

**5. Құпиялылық**

5.1. Тараптар осы Меморандум және оның негізінде жасалған Меморандумдар аясында екінші Тараптан алынған кез келген ақпаратты құпия сақтауға міндеттенеді.

5.2. Тараптар осы Меморандум шарттарының және құпия ақпарат ретінде немесе өзінің сипаты бойынша құпия болып есептелуі тиіс ақпарат ретінде берілген барлық ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндеттенеді.

**6. Меморандумның қолданылу мерзімі және оны тоқтату тәртібі**

6.1. Осы Меморандум төрт жыл мерзімге жасалады және оған Тараптар қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

6.2. Тараптардың кез келгені осы Меморандумды біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы, бұл туралы екінші Тарапты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жазбаша хабардар етеді.

**7. Форс-мажорлық жағдайлар**

7.1. Егер орындамау немесе тиісінше орындамау еңсерілмейтін күш оқиғаларының салдарынан туындағанын дәлелдесе, Тараптардың ешқайсысы осы Меморандум бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапты болмайды.

7.2. Еңсерілмейтін күш оқиғаларының басталуы туралы ақпарат алған кезде зардап шеккен Тарап екінші Тарапты осындай оқиғалардың басталуы туралы дереу хабардар етуге, екінші Тарапқа осындай оқиғалар туралы егжей-тегжейлі ақпарат беруге, сондай-ақ еңсерілмейтін күш оқиғаларының жалғасатын мерзімінің негізделген бағасын беруге міндеттенеді.

7.3. Егер еңсерілмейтін күш оқиғалары 30 (отыз) күннен артық жалғасатын болса, Тараптар осы Меморандумды болжамды бұзу күніне дейін 7 (жеті) күн бұрын жазбаша хабарлама беру арқылы бұзуға құқылы.

**8. Қорытынды ережелер**

соглашений будет соответствовать всем применимым законам, включая законодательство о добросовестной конкуренции и об ограничении монополистической деятельности.

4.2. Стороны имеют право заключать аналогичные по предмету, сфере действия и условиям соглашения с другими юридическими лицами. Стороны пользуются в своей деятельности полной свободой выбора контрагентов.

**5. Конфиденциальность**

5.1. Стороны обязуются хранить в тайне любую информацию, полученную от другой Стороны в рамках настоящего Меморандума и Меморандумов, заключенных на его основе.

5.2. Стороны обязуются соблюдать конфиденциальность условий настоящего Меморандума и всей информации, переданной в качестве конфиденциальной информации или в качестве информации, которую по характеру следует считать конфиденциальной.

**6. Срок действия и порядок прекращения Меморандума**

6.1. Настоящий Меморандум заключается сроком на 4 года и вступает в силу с момента его подписания Сторонами.

6.2. Любая из Сторон вправе в одностороннем порядке досрочно расторгнуть настоящий Меморандум, письменно уведомив об этом другую Сторону не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до предполагаемой даты расторжения.

**7. Форс-мажор**

7.1. Ни одна из Сторон не несет ответственности за неисполнение или ненадлежащее исполнение обязательств по настоящему Меморандуму, если докажет, что неисполнение или ненадлежащее исполнение возникло вследствие событий непреодолимой силы.

7.2. При получении информации о наступлении событий непреодолимой силы затронутая Сторона обязуется незамедлительно уведомить другую Сторону о наступлении таких событий, предоставить другой Стороне подробную информацию о таких событиях, а также обоснованную оценку срока, в течение которого такие

Scanned with CamScanner

| | |
|---|---|
| 8.1. Тараптар үшжақты келіссөздер арқылы олардың арасында туындаған келіспеушіліктерді жою үшін барлық қажетті шараларды қабылдайтын болады.<br>8.2. Осы Меморандумның кез келген өзгерісі, егер ол жазбаша нысанда жасалса және Тараптардың әрқайсысы қол қойса, жарамды болып табылады.<br>8.3. Тараптардың әрқайсысы Тараптарға оның атауы, мекенжайы, телефон және факс номерлері және Интернет желісіндегі мекенжайы өзгергені туралы осындай өзгеріс күнінен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлауға міндеттенеді.<br>8.4. Осы Меморандум орыс тілінде бірдей заңды күші бар үш данада, Тараптардың әрқайсысы үшін бір данадан жасалған. | события непреодолимой силы будут продолжаться.<br>7.3. Если события непреодолимой силы продолжаются более 30 (тридцати) дней, Стороны вправе расторгнуть настоящий Меморандум путем подачи письменного уведомления за 7 (семь) дней до даты предполагаемого расторжения.<br>**8. Заключительные положения**<br>8.1. Стороны будут принимать все необходимые меры для устранения возникших между ними разногласий путем трехсторонних переговоров.<br>8.2. Любое изменение настоящего Меморандума является действительным, если оно совершено в письменной форме и подписано каждой из Сторон.<br>8.3. Каждая из Сторон обязуется уведомлять другие Стороны об изменении ее наименования, адреса, номеров телефона и факса и адреса в сети Интернет не позднее, чем в течение 5-ти рабочих дней от даты такого изменения.<br>8.4. Настоящий Меморандум составлен на русском языке в трех экземплярах, имеющих одинаковую юридическую силу, по одному экземпляру для каждой из Сторон. |

**Тараптардың заңды мекен-жайлары/Юридические адреса сторон**

**Федерация**

«Қазақстандық Шахмат федерациясы» Республикалық қоғамдық бірлестігі

Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы 11/5, В блогі, 1110 кеңсе, «Нұрлы Орда» БО
БСН 911240001354
БИК KSNVKZKA,
«Банк Фридом Финанс Казахстан» АҚ
ЖСК KZ06551Z128000269KZT
Кбе 18
E-mail: director@kazchess.kz

Атқарушы директор

______________
Дәулетова Г.Б

**Басқарма/Управление**

«Павлодар облысының білім беру басқармасы» мемлекеттік мекемесі
Павлодар обл., Павлодар қ., Каирбаев к., 32
БИН 980740001194
БИК KKMFKZ2A
ИИК KZ10070102KSN4501000
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитетінің Павлодар Облысы Бойынша Қазынашылық Департаменті» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі
Басшысы

______________
Айтказина С.О.

**Ұйым/Организация**

Павлодар қаласы білім беру бөлімінің «Павлодар қаласының Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Павлодар обл., Павлодар қ., Камзин к., 62/1
БИН 980840002295
БИК KKMFKZ2A
ИИК KZ10070102KSN4501000
«Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Қазынашылық Комитетінің Павлодар Облысы Бойынша Қазынашылық Департаменті» Республикалық Мемлекеттік Мекемесі КБЕ 12
Директор

______________
Бекбаева А.Т.

Scanned with CamScanner